

Сартерек ауылдық округі Көгедай ауылы, Біржан ауылдық округі Біржан ауылының тұрғындарының қой-ешкі малдарынан бруцеллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 22 қыркүйектегі N 887 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 қазанда N 5-11-103 тіркелді. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 17 қарашадағы N 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 2010.11.17 N 145 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 10-бабы 2-тармағы 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағы 18) тармақшасына сәйкес Зайсан ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Сартерек ауылдық округі Көгедай ауылы, Біржан ауылдық округі Біржан ауылы тұрғындарының қой-ешкі малдарына шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Аурудың алдын алу және ошағын жою үшін ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру Зайсан аудандық мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторы С. Қожекеновке (келісім бойынша) ұсынылсын.

3. Аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы М. Уәлиге:
1) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастырсын;
2) жануарлардың және адамның денсаулығына қауып төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қою және жою не оларды алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеуді ұйымдастырсын;

3) алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу тапсырылсын.

4. Сартерек, Біржан, ауылдық округтерінің әкімдері мал жаятын орындарды айқындап, елді мекен аумақтарына санитарлық тазалауды ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасы ауылшаруашылық министрілігінің

агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Зайсан аудандық аумақтық инспекциясының бастығы Қ. Молдахановқа (келісім бойынша) індет ошағындағы мал иелерімен, мүдделі мекемелермен бірлесіп бруцеллез ауруына қарсы ұйымдастыру шараларын, ветеринариялық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылсын, аудандық ауыл шаруашылық бөліміне, Сартерек, Біржан ауылдық округтерінің әкімдеріне тапсырылсын.

6. Сартерек, Біржан ауылдық округтерінің әкімдеріне індетке шалдыққан малдарды жоюға арналған орындарды дайындау міндеттелсін.

7. Зайсан ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығы А. Қомшабаеваға (келісім бойынша) індет ошағындағы адамдарды дәрігерлік тексеруден өткізуді, аурудың алдын алу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру ұсынылсын.

8. Шектеу белгіленген аумақтан немесе аумаққа қой-ешкі малдары мен қой-ешкі малдары өнімдерін, шикізаттарын аудандық бас мемлекеттік ветеринариялық инспектордың рұқсатынсыз шығаруға, алып келуге тиым салынсын, аталған шараларды атқаруға тиісті көмек көрсету аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Н. Түгеловке (келісім бойынша) ұсынылсын, Сартерек, Біржан ауылдық округтерінің әкімдеріне тапсырылсын.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары О. Ақтекеновке жүктелсін.

10. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Ә. Мұхтарханов